

Қарағанды облысының білім басқармасы
Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы
«Өркен» мамандандырылған мектеп-интернаты



Келісілді
Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығының
директоры директоры
Т.Ш. Қожахметова
«13» 06 2018 жыл



Бекітемін
Қарағанды облысы
білім басқармасының
«Өркен» ММИ
Л.С.Мукишева
«16» 06 2018 жыл

2017-2019-жылдарға арналған «Өркен» мамандандырылған
мектеп-интернатының даму стратегиясы

Идея авторы:

Директор Л.С.Мукишева

Әзірлеуші:

Директордың орынбасары Г.О.Сейтмаганбетова

Ғылыми жетекші:

С.С.Контаев С.С.Контаев, Қарағанды облысы білім басқармасы басшысының кеңесшісі, профессор, техника ғылымдарының кандидаты

Кенесші:

Б.Х.Абдикерова Б.Х.Абдикерова, Қарағанды облысы ББД ОӘО директорының орынбасары

Пікір жазушылар:

Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған Университеті педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент З.М.Жангабулова

«Өркен» ММИ педагогикалық кеңесімен ұсынылады

Хаттама № 5 «31» мамыр 2018 жыл

Хатшы:

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Г.О.Сейтмаганбетова

Облыстық Эксперттік Кеңеспен ұсынылады

Хаттама № 6 «12» маусым 2018 жыл

Хатшы:

әдіскер Сарсекеева Г.С.

қолы



Пікір

Қарағанды облысы білім басқармасының «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесі даму бағдарламасына берілді.

Аталған даму бағдарламасы тез өзгеретін әлемде білім алушының (мектеп оқушылары) табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында жасалған. Даму бағдарламасын жүзеге асыруда оқу-тәрбие үрдісі жаңашыл әрекеттерді қалыптастыруды нақтылайды. Бағдарлама мектептің жағдайында тәрбие мен білім берудің басты аспектілерін қамтиды: орта білім мазмұнын жаңарту, оқу процесіне автоматтандыруды енгізу, білім беру менеджментінің жүйесін жетілдіру, инфрақұрылымын және материалдық-техникалық жарақтандырылуын дамыту, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын оқушы бойына сіңіруде тиісті іс-шаралар жүзеге асыру, жеке оқуды меңгеру нәтижесінде жалпы білім беру сапасын арттыру, мектеп көрсететін білім беру қызметінің тізімін түрлендіру, оқушыларға оқу жоспарының вариативтік бөлігінің пәндерін және оқыту бейіндерін еркін таңдау құқығын ұсыну, білім беру үдерісін ақпараттандыруды жетілдіру, оқушылардың бос уақыттарын ұйымдастыруда әртүрлі әлеуметтік институттардың (мектептің, отбасының т.б.) әрекеттестігін дамыту, стандартты деңгейде меңгерілетін бірнеше базистік курстардың мазмұнын дамыту және оны жоғары деңгейге көтеру.

Қазақстанның білім беру саясатының басым бағыттарының бірі - дарынды оқушыларды жарыққа шығарып, дамыту, шәкірттерді ғылымдағы, өмірдегі ізденіс жолына шақыру, өз қабілеттерін неғұрлым толық ашуына жәрдемдесуге дамыту жолдарын жетілдіруге бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру болса, даму бағдарламасы оқыту мен тәрбиелеуде жаңашыл технологияларды енгізу мен жүзеге асыруды, мамандандырылған білім беру мекемесінің жұмыс жүйесін жетілдіру, үздіксіз білім алу жүйесін жолға қою, педагог мамандарды қайта даярлау мен санатын көтеру жұмыстарын жүйелі түрде жолға қоюды қарастырады.

Аталған даму бағдарламасы облыстық expertтік комиссияның қарауына жіберілсін.

О.Байқоныров атындағы Жезқазған Университеті
филология ғылымдарының кандидаты, доцент

 Жангабулова З.К.

Мектептің даму стратегияларының Паспорты

Мектептің даму стратегияларының атауы	Қарағанды облысы білім басқармасының «Өркен» мамандандырылған мектеп–интернат» КММ бойынша 2018-2019-жылдарға арналған даму стратегиялары
МДС жасау негізі	- Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (1998 жылғы 7 қазанда енгізілген өзгерістермен); - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы (13.01.2015 ж. күйі бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен); - Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген; - «Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 8 тамыз №345 (өзгерістер мен толықтыруларымен Қазақстан Республикасының 2010 жылы 23 қараша №354 Заңы); - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы «13» мамырдағы № 292 қаулысына Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; - Мемлекет басшысының Ұлт жоспары, 5 реформа және 100 нақты қадам; - Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, 17 қаңтар 2014 жыл «Мәңгілік ел» идеясы; - Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері». - Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 Қаулысы; - Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 19 шілдедегі №289 бұйрығы (2013 жылдың 27 қарашасындағы №472 бұйрығымен №18, 22 бөлімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілген); - Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысы; - 2015-2020ж.ж. тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылдың «22» сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген); - Мамандандырылған білім беру ұйымдарының үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 7 қарашадағы №450 бұйрығы;
МДС жасауы мен жүзеге асыруы туралы қабылданған шешімнің күні мен негізі	№ 2 хаттама 11.11.2017ж. педагогикалық кеңес отырысы № 5 хаттама 31.05.2018ж. педагогикалық кеңес отырысы

МДС тапсырыс беруші	«Қарағанды облысы білім басқармасының «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернат» КММ
МДС әзірлеушілер	Шығармашылық топ
МДС мақсаты	Білімді, іскер, өздік ойлау жүйесі дамыған, адамгершілігі жоғары, қабілетті тұлға қалыптастыру, сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету.
МДС міндеттері	1. Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес мектепті басқару жүйесін құру; 2. Педагог қызметкерлердің кәсіби және жеке тұлғалық даму жүйесін оңтайландыру; 3. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті, көшбасшылық қасиеттері бар, ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу жүйесін құру. Оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін дамыту және ғылыми-зерттеу қызметіне жағдай жасау; 5. Әлеуметтік серіктестік аясында ата-ана және қоғамдық бірлестіктермен тығыз қарым-қатынасты құру.
МДС күтілетін нәтижелер	1. Басқару жүйесінде: - жаңаша деңгейде сапалы білім беруге жүйелі іс-шараларды жүзеге асыруды басқарудың тиімді жүйесі құрылады; - мектептің нормативтік-құқықтық, ғылыми-әдістемелік базасы орта білім беруді дамытуға арналған құжаттарға сәйкес жүргізіледі; - ішкі зерттеулер негізінде білім беру сапасы жоғары нәтижелеріне қол жеткізіледі; - білім беру сапасын анықтайтын халықаралық зерттеулер: PISA, TIMSS, ICILS, TALIS бойынша жоғары нәтижелерге жетуге жағдай жасалады; - білім беру сапасын арттыру бойынша жүйелі шараларды жүзеге асыруды басқарудың АКТ-ға негізделген тиімді жүйесі құрылады; 2. Педагог қызметкерлердің кәсіби шеберлігін дамытуда: - педагог қызметкерлер мен мектеп басшылары 100 % жаңартылған білім беру мазмұны бойынша курстан өтеді; - педагог қызметкерлердің негізгі құрамдағы үлесі 44 %-дан төмен болмайды; - кәсіби байқауларда, ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарларда қатысушы мұғалімдер саны артады; - мұғалімдердің 50%-ы жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды пайдаланады; 3. Оқу-тәрбие үрдісі: - NIS тәжірибесі бойынша түрлі әлеуметтік жобаларға қатысады; - оқушылардың олимпиада резерві мектебі құрылады; - оқушыларды шығармашылық байқауларға, олимпиадаларға, сайыстарға, зияткерлік марафондарға, мектеп қабырғасынан тыс іс-шараларға қатысу көрсеткіші артады; - оқушылардың даму траекторияларының негізінде, курстар мен зертханалар жұмыс нәтижесінде ерте жастан мамандыққа бейімделеді; 4. Әлеуметтік серіктестік: - мектеп қызметін ұйымдастыру, басқару жұмысына ата-аналардың қатысу белсенділігі артады; - ата-аналардың кем дегенде 50% мектеппен белсенді өзара әрекеттесудің әртүрлі нысандарына қосылады (ағымдағы мәселелерді

	шешуге қатысу арқылы, жалпы білім беру іс-шараларына қатысу және т.б.);
МДС стратегиялары	I стратегия. Жаңа жүйеде сапалы білім беру. Мақсаты: әр педагог пен оқушының білім алуына қажетті жағдай жасай отырып, сапалы біліммен қамтитын орта қалыптастыру. Міндеттері: - ҚР МЖМБС сәйкес жаңартылған білім мазмұны оқу жоспарлары және оқу бағдарламаларымен оқытуды ұйымдастыру; - білім саласындағы инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы мектеп дамуының өзіндік желісін қалыптастыруға жағдай жасау; - оқушының өзін-өзі тұлғалық дамуына жағдай жасау; - қосымша білім беру жүйесін дамыту арқылы функционалдық сауаттылығын арттыру. - педагог мамандардың өздігінен білім алуын және кәсіби өсуін арттыру; II стратегия. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясына негізделген тәрбие жүйесі. Мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу. Міндеттері: - оқушыларды белсенді танымдық қызметке, ұлттық басымдылықтарды, ұлттық мәдениетті, құндылықтар мен бағдарларды сақтауға бағыттау; - оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; III стратегия. Мектептің ата-анамен серіктестігі. Мақсаты: Тәрбиеге кешенді көзқарасты жүзеге асыруды мектеп пен отбасының өзара толық түсінушілігі мен келісілген іс – қимылын қамтамасыз ету. Міндеттері: - ата-аналардың педагогикалық, құқықтық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру; - отбасы мен мектептің балаға қоятын талаптарының бірлігін қамтамасыз ету; - ата-аналар белсенділерімен жұмыс ұйымдастыру және ата-аналардың әртүрлі қоғамдық ұйымдарымен өзара әрекеттесуіне ықпал ету;
МДС жүзеге асыру кезеңдері мен мерзімдері	I кезең (2017) - дайындық, теориялық мектептің даму стратегиясын әзірлеу; II кезең (2017-2018) – практикалық стратегиядағы іс-шараларды ұйымдастыру, орындалу барысын бақылау, жобаларды түзету, мектептің білім беру үдерісін ұйымдастыру, басқару. III кезең (2018-2019) - талдау даму стратегиясының нәтижелерін талдау және expertтік бағалау, есеп.
МДС орындауды ұйымдастыру және бақылау	Қарағанды облысының білім басқармасы, ҚО БД ОӘО, мектеп әкімшілігі, шығармашылық топ, ата-аналар.
МДС жүзеге асыруды қаржыландыру көздері	Жергілікті, республикалық бюджеттер, демеушілік көмек арқылы қаржыландырылады

Нысаналы индикаторлар	Жаратылыстану – математикалық бағытындағы пәндерден оқу бағдарламаларын сәтті меңгерген оқушылар үлесі 2018ж- 85,2%, 2019ж- 87%; Педагог кадрлардың жаңартылған білім беру мазмұны бойынша білімін арттыру курсынан өткен мұғалімдердің үлесі 2018ж -16% , 2019ж – 17%; Деңгейлік бағдарламалар курсынан өткен педагогтер үлесі 2018ж – 4% , 2019ж – 5% ; British Council арқылы ағылшын тілін меңгерген мұғалімдердің үлесі 2018ж – 4% , 2019ж – 5%; Жоғары және бірінші санатты біліктілігі жоғары деңгейдегі педагог қызметкерлердің үлесі 2018ж – 40%, 2019ж – 48% ; Олимпиадаға қатысатын оқушылардың үлесі 2018ж- 13,5%, 2019ж- 22,5%; Интеллектуалды конкурстарға, марафондарға, жоба жарыстарына қатысатын оқушылардың үлесі 2018ж – 18,5%, 2019ж – 20%; Шығармашылық байқауларға, сайыстарға қатысатын оқушылардың үлесі 2018ж – 23,4% , 2019ж – 25%; Қосымша біліммен қамтылатын оқушылар үлесі 2018ж- 85%, 2019ж- 89%; Мектепте түрлі шығармашылық курстар және үйірмелер жұмысында шұғылданатын оқушылардың үлесі 2018ж – 85% , 2019ж – 87%; «Робототехника» үйірме жұмысының даму үлесі 2018ж – 24,6%, 2019ж – 32%;
------------------------------	---

1. КІРІСПЕ

Бұл Стратегия білім беру ұйымының өзін-өзі дамыту әлеуетін ескеріп, заманауи мемлекеттік білім беру саясаты шеңберінде 2018-2019 жылдарға арналған мектеп дамуының негізгі бағыттарын анықтайтын стратегиялық құжат болып табылады. Стратегияны дамытудың әдіснамалық негізі - мектепті дамып келе жатқан және үнемі өзгертін ортадағы субъект және тұтас организм ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін дамудың негізгі бағыттарының әлеуметтік-педагогикалық жобалау теориясы. Стратегияның негізгі идеясы - даму идеясы.

Мектептің даму стратегиясын әзірлеу дамудың ықтималдық сипатқа ие болу деген түсінігінен шығып отыр, бұл үдеріс белгілі бір кезеңде көптеген ішкі және сыртқы факторлардың әсер етуінен туындайды. Даму стратегиясын жүзеге асыру барысында, стратегияны бақылау және басқарушылық талдау жүргізу кезеңінде мектепте жаңа, оңтайлы күптеген элементтер – жаңашылдықтың шығуы мүмкін деген болжам бар.

Жоғарыда айтылғандарды ескере келе, Стратегия мектептің білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттарын анықтауды қарастырады және әрі қарай мектептің оқу үдерісінде және мектеп дамуының жылдық жоспарында нақтыланады.

2. «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернат» КММ туралы ақпараттық анықтама

Білім беру мекемесінің толық атауы: Қарағанды облысы білім басқармасының «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернат» КММ.

Толық мекен-жайы: Жезқазған қаласы, Абай көшесі, 144

тел: 8 (7102) 71-66-60

E-mail: orkenschool@mail.ru

ББМ ғимараты: ыңғайластырылған, 3 қабатты, 150 оқушыға арналған.

Мектеп типі: негізгі орта білім беретін мекеме.

Түрі: мектеп-интернат

Құрылтайшы: Қарағанды облысының әкімдігі

«Өркен» мамандандырылған мектеп-интернат» КММ Қарағанды облысының әкімдігінің «Қарағанды облысы білім басқармасының «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы» 2017 жылғы 17 шілдеде № 43/03 қаулысы негізінде ашылған.

Мектеп жарғысы «Қарағанды облысының мемлекеттік активтер және сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 21.07.2017 ж. №199 бұйрығымен бекітілген.

Мемлекеттік лицензия № KZ14LAA00011104, 19.02.2018ж.

Лицей әкімшілігі:

Лицей директоры - Мукишева Лайла Сайлановна

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары - Сарбай Әйгерім Сапаровна

Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары - Сейтмаганбетова Галия Омарғалиевна

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Мухамеджанова Айнур Байбитовна

Шаруашылық меңгерушісі – Умурзакова Раушан Амирбековна.

Оқытуды саралау мен даралау, оқушылардың зерттеу ісіне қызығушылығын дамытуға бағытталған курстар «Нақты математика» олимпиадаға дайындық курсы

«Қызықты информатика»

«Эко жүйе» таңдау курсы

Экономика негіздері және қаржы сауаттылығы

Робототехника

«Туған өлке тарихы»

«Мәдени мұра»

«С+1+1 программалау тілі»

«Болашақ инженерлер»

«Шешендік өнер»

«Кітап құдыреті»

Хореография

«Наз қоңыр»

Тоғызқұмалақ

Шахмат

3. Проблемалық - тақырыптық талдау

3.1. Мектептің материалдық –техникалық базасы

Мектептің материалдық-техникалық жағдайы: ғимарат бейімделген жобалада, спорт залы жоқ, гимнастика залына бір кабинет бейімделген, акт залы 3 қабаттағы рекреациясында ұйымдастырылған. Асханасы бар. Асхана жеке кәсіпкерге жалға берілген. Ас үй бөлімі қажетті технологиялық жабдықпен жабдықталған, барлығы талапқа сай жұмыс жасап тұр.

Мектепте 10 кабинет бар: математика, информатика, тілдер кабинеті, қоғамдық пәндер кабинеті, физика, химия, биология, технология (ұлдар, қыздар), өнер кабинеті. Барлығы қажетті сынып жиһаздарымен, 6 кабинет техникалық құрал жабдықтарымен (интерактивті панель, ПИК) қамтамасыз етілген. Жаңа модификацияланған химия кабинеті бар, физика, биология кабинеттері жабдықтармен қамтамасыз етілген. 1 компьютерлік кабинет, 14 оқушыға арналған компьютер және 1 мұғалім компьютерімен, интерактивті тақтамен жабдықталған, интернет жүйесіне қосылған. Ер балаларға арналған шеберханасы (технология кабинеті) алынды және қыз балаларға арналған технология кабинеті қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. «Робототехника» кабинеті іске қосылды. Гимнастика залы қажетті спорттық инвентарьмен (швед қабырғасы, гимнастикалық мат, гимнастикалық брус, козел, мостик, таяқшалар, скамейкалар) жабдықталған.

Медициналық кабинет талапқа сай жабдықталған, мемлекеттік лицензия берілген (№18000804 18.01.2018ж.), емдеу бөлмесі бар.

Жоғарыда аталған жабдықталған кабинеттердің бар болғанымен, туындап отырған күрделі мәселенің бірі мектептің жеке ғимараты мен интернаттың жоқтығы.

Ұсыныстар:

- мектепті ағымдағы жөндеуден өткізу;
- мектепті заманауи оқу-әдістемелік құралдармен, ақпараттық-техникалық құралдармен, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді одан әрі жетілдіру;
- оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектеп ғимараттарының іші-сыртына бейне бақылау орнату.

3.2. Әдістемелік қызмет.

2017-2018 оқу жылы мектеп «Дарынды оқушыны білім мазмұнында тиімді оқытуды ұйымдастыру жолдары» әдістемелік тақырыбы бойынша жұмыс жүргізді. Мектепте нәтижеге бағдарланған әдістемелік қызмет ұйымдастырылды, жоспары құрастырылып, іс жүзіне асырылды. Әдістемелік қызметті ұйымдастыруда төмендегі бағыттар басшылыққа алынды:

1. Мектеп мұғалімдерінің біліктілігін көтеру жүйесі, педагогтық шеберлікті, кәсіптік деңгейін жоғарлатуға бағытталған және педагогтардың шығармашылық потенциалын көтеру.
2. Мектептің әдістемелік қызметін жетілдіру – ол педагогтардың кәсіптік дамуын қолдау.
3. Озық тәжірибені оқып, таратуды үйрену.

4. Педагогтардың жаңашыл қызметтері – мектептің оқыту үрдісінің сапасын көтеруге және мұғалімдердің ғылыми – педагогикалық қызметін жандандыру.
5. Дарынды оқушылармен жұмысты ұйымдастыру.

Мектептің әдістемелік қызметі - жаңаша оқытудың жолдарын тауып және оны дамыту мен қалыптастырудың алғы шарттарын жүзеге асыру мақсатында жұмыстың үлгісі мен әдіс –тәсілдері басшылыққа алынды.

Оқу жылында мектепте 3 әдістеме бірлестігі құрылды, «Қоғамдық – гуманитарлық» бағыты, «Жаратылыстану-математика» бағыты және «Өнер» (технология, музыка, бейнелеу, дене шынықтыру) бағыты.

«Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді сабақ процесінде тиімді қолдану арқылы нәтижеге жету жолдары» жаратылыстану-математика апталығы, «Дарынды ұрпақ – ел болашағы» қоғамдық-гуманитарлық бағыты апталығы, «Жаңа технологияның тиімді әдіс-тәсілдері арқылы оқушыларды шығармашылыққа баулу» технология, музыка, бейнелеу, дене шынықтыру пәндер апталығы өткізілді.

Барлық іс-шаралардың мақсаты мен міндеттері мұғалімдердің нақты жасаған жоспарларымен орындалды. Апталық аясында өткізілген сыныптан тыс іс – шаралар, ашық сабақтар оқушылардың оқу-тәрбие ісіне деген қызығушылықтарын арттыруға, өмірде өз орнын таба білуге, өзін өзі тәрбиелеуге және ұйымдастыруға бағытталды.

Оқушылар өз қиялын, шеберлігін, дарындылығын, шығармашылығын көрсетуге талпынды. Сонымен қатар, оқушылар апталық аясында өз туған еліне деген сүйіспеншіліктерін білдірсе, өздерінің адамгершілік мәдениеттілік деңгейлерін көрсетті. Бір ұжымда жұмыс істеуді үйренді.

Апталықтың ашылуында мектеп стендтерінде визуалды ақпарат (жарнама) әртүрлі болды. Апталықтың ашылуы мен қорытындысы мектепішілік жиында жүргізілді. Жиында апталық аясында белсенділік танытқан оқушылар алғыс хаттармен марапатталды. Әдістемелік қызметте жан – жақты зерттеуді, талдауды және дамытуды талап ететін шешілмеген мәселелер бар.

Ұсыныстар:


- тек қана сыныптан тыс іс-шараларда ғана емес, сонымен қатар сабақта оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды мақсатты жүргізу.
- педагогикалық іс тәжірибені жинақтау және тарату бойынша жұмысты жүйелеу мақсатында шығармашылық топ құру,
- ӘБ жұмысында сабақты дайындау технологиясы мен оның өзін - өзі талдауы, өз қызметін өзі бақылау, жаңа технология мен оның элементтерін қолдану бойынша педагогтың кәсіби шеберлігін арттыруға назар аудару.
- оқу-тәрбие үрдісінде жаңа технологияларды (жоба, АКТ, сыни тұрғыда оқыту т.б.) қолдануды жалғастыру.
- әдістемелік құралдар дайындау, шығару және тарату.

3.3. Педагог кадрлар.


Оқу – тәрбие жұмысына 25 педагог қызметкер тартылған. Оның ішінде: 7 мұғалім негізгі құрамында (28%), 18 мұғалім (72%) қосымша қызмет атқарады. Педагог кадрлардың барлығы (100%) жоғарғы білімді мамандар. Ер мұғалімдер саны – 4, әйел мұғалімдер саны – 21.

Оқу жылы	Санаты бойынша				Педагогикалық өтілі					
	жоғ.	I	II	санаты жоқ	0-5	5-10	10-15	15-20	20-25	25, одан көп
Негізгі құрам	2	2	3	0		1	2	1	1	2
Қосымша қызмет	2	4	4	3	5		7	2	3	1

Санаты бойынша көрсеткіш



Педагогикалық өтілім бойынша көрсеткіш



Қорытынды. Барлық көрсеткіштер бойынша тұрақтылық байқалады.

2017-2018 оқу жылындағы мұғалімдердің курстық оқулардан өтуі

Уақыты	Қатысушының аты-жөні	Тақырыбы
26.03-30.03.2018	МукишеваЛ.С.	«Заманауи мектепті басқарудың өзекті мәселелері»
28.03-06.04.2018	Сейтмаганбетова Г.О.	Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша өңірлік және мектеп үйлестірушілерінің біліктілігін

		арттыру курсы
2.04-06.04.2018	Муханбетжанова А.Б.	Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде жалпы білім беру ұйымдары басшыларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының біліктілігін арттыру курсы
9.04-20.04.2018	Сарбай Ә.С.	Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша өңірлік және мектеп үйлестірушілерінің біліктілігін арттыру курсы
26.03.-29.03.2018	Балмағанбетова Г.С.	Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының педагог-психологтерге арналған оқыту семинары
02.04.-12.04.2018	Бримжанова А.Д.	«Музыка арқылы өскелең ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыру» проблемалық курс
12.03.-15.03.2018	Сейтова М.Қ.	Орта білім мазмұнын жаңарту аясында өзге тілді мектептердегі қазақ тілі сабағында мұғалім құзыреттілігін арттыру» проблемалық курсы
02.04.-20.04.2018	Сейтова М.Қ.	Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілді мектептердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша курсы
09.04.-20.04.2018	Нурмышева А.Б.	Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде мектептердегі «Информатика» пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша курсы
09.04.-20.04.2018	Мейрамова А.А.	Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде мектептердегі «Информатика» пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша курсы

Педагог қызметкерлердің курстан өту көрсеткіші

оқу жылы	мұғалім саны	Біліктігін арттыру	Жаңа білім мазмұнын жаңарту	Мектеп басшысы	«Күзгі мектеп»	АКТ
2017-2018	25	6	4	1	0	3
Негізгі құрам	7	0	4	1	0	2
Қосымша құрам	18	6	0	0	1	1

Педагог қызметкерлердің облыстық, республикалық, халықаралық конференцияларға, семинарларға, байқауларға қатысу көрсеткіші

Оқу жылы	Конференциялар			семинар	байқау
	облыстық	республикалық	халықаралық		
2017-2018	0	1	0	3	1

Ұсыныстар:

- мектеп мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттыру, кәсіби тұрғыдан өсуін қамтамасыз ету;
- Мұғалімдердің критериалды бағалау бойынша біліктілікті арттыру курстарына оқуын қамтамасыз ету.
- мұғалімдер арасында ашық ынтымақтастық пен өзара көмек беру ахуалын құру, тәжірибе алмасуды ұйымдастыру;
- мұғалімдердің облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде өтетін ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, байқаулар мен онлайн сабақтарға қатысуын қамтамасыз ету;

3.4. Оқу үрдісі.

2017-2018 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 7 қарашасындағы №450 қаулысымен бекітілген «Мамандандырылған білім беру ұйымдарының үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 7 қарашадағы № 450 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 7 тамыздағы № 393 бұйрығы. Мектептің оқу үрдісін ұйымдастыру үшін басшылыққа алынған құжаттар анықталып, көрсетілген. Оқу жұмыс жоспарының құрамын қамтамасыз ететін негізгі принциптер мен міндеттерді шешуге арналған бағыттар анықталған.

Жаратылыстану-математикалық мамандандырылған мектеп моделін жасай отырып, оқытудың бейіндік оқыту жүйесі физика-математикалық және ақпараттық-математикалық бейінге баса назар аударылады.

Берілген оқу жұмыс жоспары дарынды балаларды оқыту негіздерінің мәнділігін саралау арқылы жоғарылатудың тұжырымдамалық тәсілін айқындайды, яғни мектептің таңдаған «Математика және информатика», «Жаратылыстану» бағыттарына сәйкес білім беру салаларының пәндері бойынша тереңдете білім береді.

2017-2018 оқу жылында мектеп жұмысының режимі 5 күндік оқу аптасы болды. Оқу сабақтар 1 ауысымда өткізілді. Сабақтан кейін оқушылар таңдау курстары мен үйірмелерде білім алса, сонымен қатар мектептің

шығармашылық жұмыстары мен сыныптан тыс жұмыстары өткізілді. Оқу үдерісі оқу жоспары мен сабақ кестесімен реттелді.

Мектеп бойынша 4 класс комплектісінде – 81 оқушы білім алды.

Сынып саны	Жыл басында	Жыл аяғында	Кеткен оқушы саны	Келген оқушы саны
4	85 31 қыз, 54 ұл	81 30 қыз, 51 ұл	7	3

Сыныптар	Оқу жылы басында оқушы саны	Оқу жылы соңында оқушы саны	Жыл бойы кеткен оқушы саны
5 «А»	23 (қыз 11, ұл 14)	24 (Қыз 10, ұл 14)	2 қыз
5 «Б»	25(қыз 12, ұл 13)	24 (Қыз 12, ұл 12)	1 ұл
6 «А»	27(қыз 7, ұл 20)	23 (Қыз 10, ұл 14)	4 ұл
6 «Б» орыс сыныбы	10(қыз 1, ұл 9)	24 (Қыз 1, ұл 9)	0
Барлығы: 4	85	81	7

Қорытынды. Аймақ бойынша оқушылардың «Өркен» ММИ түсуге деген қызығушылықтары мен сұраныстары артып отыр. 2017-2018 оқу жылында өткізілген мектепке үміткерлерді қабылдау іріктеу конкурсына 102 бала қатысты. Былтырғы оқу жылымен салыстырғанда 10% өсті. Орыс тілді сыныптарға түсіші үміткерлердің саны аз және бұл көрсеткіш жоғарламауда. Жылдан жылға бала, сынып санының көбеюі.

Оқушылардың 1 жылдық білім сапасының көрсеткіші

2017-2018 І-ші жарты жылдығы	2017-2018 ІІ-ші жарты жылдығы	Жыл соңында
82,2%	85,2%	85,2%

Оқушылардың пән бойынша жылдық білім көрсеткіші

Пәндер	5 «А,Б» қазақ сыныптары	6 А қазақ сыныбы	6 Б орыс сыныбы
Қазақ тілі	80%	100%	100%
Қазақ әдебиеті	80%	100%	100%
Математика	75%	100%	60%
Жаратылыстану	100%	-	-
Информатика	100%	100%	100%
Биология	-	100%	100%
Дүние жүзі тарихы,	78%	96%	100%
Қазақстан тарихы	80%	91%	100%
География	-	100%	100%
Орыс тілі ж/е орыс әдебиеті	100%	100%	100%
Орыс әдебиеті	-	96%	100%
Ағылшын тілі	95%	100%	100%
Бейнелеу	-	100%	100%
Көркем еңбек, технология	100%	100%	100%
Музыка	100%	100%	100%
Дене шынықтыру	100%	100%	100%

Қорытынды. 2017-2018 оқу жылында барлық пәндер бойынша бағдарламалар толық жүзеге асырылды. Білім сапасының жыл басынан соңына қарай көтерілу динамикасы байқалады. Математика пәні бойынша 6 «А» қазақ сыныбында сапа 100% көрсетті. Басқа пәндер бойынша білім

сапасы тұрақты. 6 «Б» орыс сыныбында математика пәні бойынша сапа 60%. Математика пән мұғалімдері Ж.Торгаеваға (6 Б сыныбында), Г.Жумадиловаға (5 сыныптарда) оқушылармен жеке жұмыс жүргізудің түрлі нысандарын қолданып білім сапасын арттыру қажеттілігі ескертілді.

Мектептің үздіктері мен екпінділері туралы ақпарат

Озаттар		Озаттар мен екпінділердің жалпы пайызы	Екпінділер		Озаттар мен екпінділердің жалпы пайызы
I жарты жылдық	13	81,2%	I жарты жылдық	53	85,2%
Оқу жылының соңы	14		Оқу жылының соңы	55	

Қорытынды. Үздіктердің, екпінділердің саны тұрақты емес, өскені байқалады.

Олимпиада қорытындысы пәндер бойынша нәтижесі

Пәндер	Мектепшілік кезең		Республикалық кезең		Халықаралық кезең	
	Қатысы	жеңімпаз	қатысты	жеңімпаз	қатысты	жеңімпаз
Математика	80	21	6 (ұлттық интернет олимпиада (nio.kz))	6	0	0
Қазақ тілі	29	14	5 (ұлттық интернет олимпиада (nio.kz))	3	0	0
Орыс тілі	40	22	0	0	0	0
Ағылшын тілі	41	28	0	0	0	0
Тарих	23	14	0	0	0	0
География	13	9	0	0	0	0
Жаратылыстану	14	12	0	0	0	0
Информатика	46	11	0	0	0	0

Қорытынды. Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының мектепшілік кезеңінде жеңімпаздардың саны жоғары болды, жалпы 89% құрады. Мектептің олимпиадаға дайындық жұмыстарының сапасын арттыруға жүйелі жұмыс ұйымдастырылғаны байқалады. Әр оқушы жұмысы пән мұғалімдерден құралған комиссиямен тексеріліп, озық шыққан оқушылар іріктеліп, аймақтық және облыстық, республикалық пәндік олимпиадаға қатысатын команда жасақталуға ұсынылды. Жеңімпаздар еліміздің Тұңғыш президент күні мерекесі қарсаңында марапатталады. Олимпиада барысында жүргізілген жұмыс қорытындыланып, толықтай талданды. Республикалық жалпы білім беретін пәндер олимпиадасына қатысушылар болған жоқ, дегенмен ұлттық интернет олимпиадасына (nio.kz) математикадан 6 сыныптан 6 оқушы қатысып, 6 жүлделі орын иеленсе, қазақ тілінен 3 оқушы орын алды.

Ұсыныс:

- Сынып жетекшілер мен пән мұғалімдері тоқсандық қортынды бойынша бір ғана «4» бар оқушылардың контингентін ұстап тұру үшін мақсатты жұмыс жүргізу керек, бұл 2018-2019 оқу жылына «Озат оқушылар» резервін болжауға қолайлы мүмкіндік.

- Мектепшілік пән олимпиадасының қорытындысы бойынша дараланған оқушылармен жеке жұмыс жүргізу жоспарын әзірлеп, облыстық,

республикалық олимпиадаларға, интеллектуалды сайыстарға қатысуды жүйелеу.

- Мектепте «Олимпиада резервтері» мектебінің жұмысын ұйымдастыру.
- Пән мұғалімдері оқушыларға олимпиадаға дайындық нысандарын түрлендіріп (офис кабинеттер, таңдау курстар ж.б.) жүйелі жүргізу.
- Оқушыларды Республикалық қашықтық, интернет олимпиадаларына, байқауларға, ғылыми жобаларға қатысуды ұйымдастыру, жұмысты жүйелеу.
- Оқу – тәрбие мәселелері бойынша ата-аналарға психологиялық және құқықтық оқулар, кеңестер, семинарлар өткізуді ұйымдастыру;

3.5. Тәрбие жұмысы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» мен "Мәңгілік ел" жалпыұлттық идеясының құндылықтарын негізге ала отырып тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылып, бекітілді. Жоспарға сәйкес тәрбие жүйесінің құрылымы келесі тәрбие бағыттары бойынша жүргізілді:

- Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие
- Рухани-адамгершілік тәрбие, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- Отбасы тәрбиесі
- Ұлттық тәрбиесі
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.
- Көп мәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие.
- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Мектептің тәрбие жұмысының негізгі бағыттарын жүзеге асыру 5-6 сынып оқушыларының ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие қызметі оқушылардың тұтас ұжымына және жеке тұлғаға әсерін тигізуге бағытталды. Тәрбие беру қызметін ұйымдастыру түрлері: оқыту үдерісіндегі тәрбие, сабақтан тыс тәрбие.

Мектеп оқушыларының және мұғалімдердің барлық сабақтан тыс жұмыстары дәстүрлі ұжымдық шығармашылық іс-шараларымен біріктіріліп кезеңдер бойынша ұйымдастырылды. Бұл жұмыс мектепте шығармашылық белсенділік кезеңдерін құруға, тәрбие жұмысының деңгейін алдын-ала болжауға және бақылауға, сынып жетекшілерге тиімді көмек көрсетуге, ата-аналарды ынтымақтастыққа тартуға, ұжымдық құндылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Тәрбие бағыттарымен қатар өткізілген мектеп дәстүріне айналған Білім күні, Ұстаздар күні, Жаңа жылдық мерке, Тәуелсіздік күні, қала күні, Наурыз мейрамы және т.б. мемлекеттік мерекелер оқушылардың мектеп өмірінде жарқын эмоциялық оқиғаларға айналды және олардың бойында ұжымдық құндылықтарды қалыптастырды.

Жасөспірімдердің жазғы демалыстары мен еңбектерін ұйымдастыру түрлері мен формалары жетілдірілуде (жазғы мектеп, дайындық курстар, туған өлке аймағына саяхат, т.б.)

Қорытынды: Жалпы, оқу жылында қойылған мақсат пен міндеттер орындалды. Өткізілген мектепшілік және сыныптық іс-шаралар бойынша

әдістемелік әдебиеттер, әзірлемелер, сынып сағаттарының әзірлемелері жасақталды. Тәрбие жұмысы «Ұжымдық шығармашылық іс» жүйесі ретінде ұйымдастырылды. Мектептегі тәрбиелік жүйенің ерекшелігі – балалардың біріккен және ұйымшыл топтары құрылып, жасаралық қарым – қатынас пен ынтымақтастықтың орнатылғандығында болды.

Сонымен қатар, өзекті мәселе оқушылардың өзін - өзі басқару деңгейінің жеткіліксіздігі.

Ұсыныс:

1. Бала тәрбиесіндегі сынып жетекшілердің ғылыми - теориялық деңгейін арттыру бойынша жұмысты жандандыру, жалғастыру.
2. Оқушылардың өмір сүру әрекеттерін заманауи қоғамдағы интеграция арқылы ұйымдастыру.
3. Назарбаев зияткерлік мектептерінің инновациялық жобаларын жүзеге асыру.
4. Оқушылардың зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін дамытуды жүзеге асыру.
5. Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын ұйымдастыру.

Қосымша білім беру.

Шығармашылық пен зерттеушілік қызметінің негіздері оқушының шығармашылық пен зерттеушілік қызметін дамыту үшін, сабақтан тыс жұмыстарға көзделген. Осыған орай, оқушылардың факультатив пәндерге деген жоғарғы қызығушылығын қалыптастырып, олардың білімдерін тереңдету және кеңейту мақсатында балаларды оқыту әдеттегідей педагогтердің өздері әзірлеген білім беру бағдарламаларының негізінде жүзеге асырылады. Білім алушылардың жан-жақты қажеттіліктері балаларға қосымша білім берудің әлеуметтік-педагогикалық, көркем-эстетикалық, музыкалық, ғылыми-техникалық, туристік-өлкетану, спорттық-сауықтыру, жобалық-зерттеу және басқа да бағыттары бойынша қамтамасыз етіледі. Мектеп бойынша жалпы таңдау курстары мен үйірмелерге оқушылардың қатысу деңгейі орташа есеппен 85% құрады.

Вариативтік компонент

Таңдау курстарының атаулары (әрбір бейіндік пән бойынша әр сыныпқа аптасына 4 сағат есебінен), аптасына сағат саны	Оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар (әр сыныпқа 0,25)
«Математикалық сауаттылық»	«Робототехника»
«Бағдарламалау негіздері және алгоритмдік тілдер»	«INTELLECTUM-Mind Gams»
«Логикалық математика»	«Рухани уыз»
	«Тоғызқұмалақ»
	«Туған өлке тарихы»
	«Қызықты ағылшын тілі»
	«Экономика негіздері және қаржы сауаттылығы»
	«Болшақ инженерлер»
	«Бағдарламалау негізі»

Оқушылардың қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі түрлі байқауларға, сайыстарға, спорттық іс –шараларға қатысуда келесі нәтижеге қол жеткізілді:

Қалалық	IX аймақтық «Сарыарқа дарыны – 2018» фестивалі аясында өнерлі жас жеткіншектер байқауы Тұрсынбек Перизат (5Б) I орын. Күрестен қалалық ашық біріншілігі - Төлеуов Самат (6А) II орын. Қалалық «Тоғызқұмалақ» сайысы - Накупов Рамазан III орын. Қалалық Дзюдо күресі - Жаңаберген Абдуррошид I орын. Қалалық спорттық би сайысы - Сман Ақнұр I орын.
Облыстық	Облыстық «Бір кітап, бір аймақ» акциясы аясында Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» повесінен үзінді, шағын бейне көрніс – II орын, монолог оқудан – сертификат.
